

№7 «Күншуак» бөбекжай бақшасы

Спорттық ойын сауық  
«Таңғажайып шарлар әлемінде»  
«Балауса» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Бағытжанова Б.М

2020-2021 оқу жылы

Тақырыбы: «Таңғажайып шарлар әлемінде»

Мақсаты: Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, шармен ойындарға қызығушылығын арттыру. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Жүру барысы:

Балалар қатармен марш екінімен залға келіп, орындарына тұрады.

Тәрбиеші: - Сәлематсыздар ма, балалар!

(Здраствуйте , дети!)

Салауатты өмір салтын сақтаймыз,

Көңілденіп ойын сауықты бастаймыз.

Тәрбиеші: Балалар ойын ойнағанды жақсы көресіңдер ме?

Балалар: Әрине, жақсы көреміз.

Кенет қонаққа қолында сиқырлы қорабы бар Сайқымазақ келеді (музыкамен)

Сайқымазақ: Сәлематсыздар ма, балалар! Менің қорабымда не бар екенін кім табады?

Балалар өз пікірлерімен бөліседі.

Сайқымазақ : Пішіні дөңгелек, ол ұшады, үрлейміз.

Балалар: Шар

Сайқымазақ: Дұрыс айтасыңдар (шарларды көрсетеді)

Тәрбиеші: Балалар қандай ойындарды білесіңдер?

Балалар өз ойларымен бөліседі.

Тәрбиеші: Сайқымазақ сен қандай ойын білесің?

Сайқымазақ: Футбол ойынын білемін, допты теуіп терезені сындырып жібересің.

Тәрбиеші: Балалар доппен қай жерде ойнау керек?

Балалар: Ойын алаңында ойнау қажет.

Тәрбиеші: Балалар сайқымазаққа доппен және шармен қандай ойындар ойнауға болатынын көрсетейік.

**Қимылды ойын : «Допты жалғастыру»**

Мақсаты: Балаларға ойынды шартына сай ойнауға үйрету. Командамен жұмыс жасау дағдыларын дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Шарты: Балаларды бірінің артына бірі екі топқа бөліп, допты жоғарыдан бір-біріне жалғастыру. Соңғы бала допты аяқ астынан домалатып, бір-біріне жалғастырады қай топтың добы бірінші келеді. Сол топ жеңімпаз атанады.

### **Қимылды ойын: «Кедергілерден өт»**

Мақсаты: Балаларды кедергілерден мұқият өтуге үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс-әрекеттерін дамыту. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу

Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Балалар кедергілерден өту арқылы аса жылдамдықпен шарды алғашқы болып шеңберге мұқият жинауы керек. Қай топ жеңсе сол топ жеңімпаз атанады.

### **Қимылды ойын: «Кім жылдам?»**

Мақсаты: Балалардың көру, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жеңіл қимылдап жүгіруге жаттықтыру. Ептіліктерін дамыту.

Ойын шарты: Балалар шеңбер бойымен қолдарына қызыл, жасыл шарларды алады. Музыка әуенімен балалар шашырап билейді. Әуен тоқтағанда тәрбиешінің нұсқауымен қызылдар бір топқа, жасылдар бір топқа жиналады. Қай топ тез жиналса сол топ жеңімпаз атанады

Тыныс алу жаттығуы: «Шар үрле»

Сайқымазақ балалармен қоштасады.